



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 83 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

**FINANCING GROWTH IN KAZAKHSTAN
Орталық Азия және ЕАЭҚ қаржылық астанасының
басымдықтары мен мүмкіндіктері**

2014 жылғы 7 қараша

Алматы

Алматы қаласында Орталық Азияның және ЕАЭҚ-тың қаржылық астанасы ретінде Алматының инвестициялық әлеуетіне арналған «Financing Growth in Kazakhstan» форумы өтуде. Форумды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолдауымен Қазақстан-Британ сауда-өнеркәсіп палатасы және Financial Times халықаралық медиа-холдингі ұйымдастырып отыр.

Форумға Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Еуразиялық Экономикалық Комиссиясының, Алматы қ. әкімдігінің, «Самұрық-Қазына» қорының басшылары, сондай-ақ ХВҚ, ЕҚДБ, Еуропалық Орталық банк сияқты халықаралық қаржы ұйымдарының, ірі консалтингтік компаниялардың және коммерциялық банктердің өкілдері мен сарапшылары қатысуда.

Форумға қатысушылардың алдында онлайн-режімінде Қазақстан Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов және Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов құттықтау сөз сөйледі. «Қазақстанда қаржылық хабты құру үшін нақты алғышарттар жасалған, оның кәсіби мамандану мәселесін әлі де айқындау қажет. Осы форум бұл мәселе бойынша сындарлы пікір алмасуға мүмкіндік береді және өзара тиімді сұхбат алаңы болады деп үміттенемін» – деді Үкімет басшысы.

Ұлттық Банк Төрағасы Қайрат Келімбетов елдің қаржы секторын реттеу саласындағы реформалар және оның бәсекеге қабілеттілігін қалпына келтіру туралы баяндап берді. «Қазіргі уақытта елдің халықаралық резервтері 100 миллиард АҚШ долларынан астам. Инфляцияның жылдық деңгейі бұрын жария етілген 6-8% дәліз шегінде. Біз Қазақстанда өңірдегі ең тұрақты экономикалардың бірі орнығып отыр деп мақтанышпен айта аламыз», – деп атап өтті Қайрат Келімбетов.

«Financing Growth in Kazakhstan» форумына қатысушылар өзгермелі әлемдік экономика жағдайларында оңтайлы жұмыс істеу үшін банктер және мемлекет қабылдайтын шараларды талқылайды, қаржы секторының дамуы үшін негізгі бағыттар мен мүмкіндіктерді айқындайды деп күтілуде.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639, +7 (727) 2 704 585; +7 (727) 3 302 497, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz.